

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы

ҚТЖ мысалында ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу ерекшеліктері

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС


6B07501 – Индустриалдық инженерия

Алматы 2024

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы



**Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы
Тақырыбы: ҚТЖ мысалында ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу ерекшеліктері
Университет ректорының «4 желтоқсан» 2023ж. №548-П/Ө бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «__» _____ 2024ж.
Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері:
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:
а) ұйымның мәселелерін, сапа менеджмент жүйесін қарастыру;
б) ұйымға ұсынылатын стандарт маңыздылығын талдау;
в) сапа менеджмент жүйесіне енгізу тиімділіктерін зерттеу.
Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):
Дипломдық жұмыс 35 беттен, 8 суреттен, 3 кестеден құралған.
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 16 атаулардан

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындайтын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
«ҚТЖ – жүк тасымалы» ұйымы	26.02.2024 м.	орындалды
Стандарттау туралы түсінік	04.03.2024 м.	орындалды
«ҚТЖ – жүк тасымалы» ұйымын талдау	19.03.2024 м.	орындалды
Халықаралық стандартты енгізу жұмыстары	01.04.2024 м.	орындалды

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдерінің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімдері	Ережеп Д. Е. т.ғ.к., PhD	10.06.24	
Норма бақылау	Жаркимбаева Г. Б. Аға оқытушы	27.05.24.	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні « 19 » 06 2024ж.


Ережеп Д. Е.

Тулегенова Н. Қ.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс халықаралық ISO 45001 стандартын ҚТЖ мысалында енгізу процесін қарастырады. Стандарт еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің тиімді жүйесін құруда айрықша рөл атқарады. Себебі, жаһандық экономика үшін тиімді, әрі өзекті тақырып болып табылады.

Бұл дипломдық жұмыста ISO 45001 стандартын қолданудағы ерекшеліктерді талдау, ұйымда туындайтын мәселелерді анықтау, сондай-ақ, ұйымның менеджмент жүйесіне стандарт енгізу туралы ұсыныс білдіру қарастырылады. Ұйымға стандарт енгізуде туындайтын артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтауға, стандарттың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Ұйымның еңбекті қорғау бойынша менеджмент жүйесіне ISO 45001 стандартын енгізуге ұсыныс жасайды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассматривается процесс внедрения международного стандарта ISO 45001 на примере КТЖ. Стандарт играет особую роль в создании эффективной системы управления охраной труда и безопасностью труда. Потому что это эффективная и актуальная тема для мировой экономики.

Данная дипломная работа посвящена анализу особенностей применения стандарта ISO 45001, выявлению проблем, возникающих в организации, а также внести предложение по внедрению стандарта в систему управления организацией. Это позволяет организации определить преимущества и недостатки, возникающие в результате внедрения стандарта, оценить эффективность стандарта. Рекомендуется внедрить стандарт ISO 45001 в систему управления охраной труда организации.

ANNOTATION

The thesis examines the process of implementing the international standard ISO 45001 using the example of KTZH. The standard plays a special role in creating an effective occupational health and safety management system. Because this is an effective and relevant topic for the global economy.

This thesis is intended to analyze the features of the application of the ISO 45001 standard, identify problems arising in the organization, and also make a proposal for the implementation of the standard in the organization's management system. This allows the organization to determine the advantages and disadvantages arising from the implementation of the standard and evaluate the effectiveness of the standard. It is recommended to implement the ISO 45001 standard into the organization's occupational safety and health management system.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	7
1	«ҚТЖ – жүк тасымалы» ұйымы	8
1.1	«ҚТЖ – жүк тасымалы» шығу тарихы	8
1.2	Мекеменің құрылымы мен экологиялық санаты	10
1.3	Мекемедегі экологиялық мәселелер	13
2	Стандарттау туралы түсінік	15
2.1	ISO 45001 Халықаралық стандарты	16
2.2	Халықаралық ISO 45001 стандарттың өзектілігі	17
2.3	ISO 45001 халықаралық стандартының OHSAS 18001 стандартынан ерекшелігі	21
3	Халықаралық стандартты енгізу жұмыстары	24
3.1	Мекеменің жұмысқа дайындығы және стандартты енгізудегі процесстер	26
3.2	Стандарт енгізудегі артықшылықтар мен кемшіліктер	30
3.3	ISO 45001 халықаралық стандартының енгізудегі нәтижелер	32
	ҚОРЫТЫНДЫ	34
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35

КІРІСПЕ

Әрбір мемлекеттің заман талабына сай дамып отыруы өте маңызды. Басқа мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде болу елдің бүгінгі мен болашағына орасан зор ықпалын тигізеді. Осы орайда, халықаралық стандарттарды өз жүйемізге қосу біраз жетістіктерге жеткізеді. Мемлекеттің тұтастай бір ел ретінде дамуына стандарттардың маңыздылығы үлкен рөл атқарады. Себебі, барлық салалардың жәке адам өмірінің аспектілеріне үлкен өзгерістер мен үлесін қосады. Қызмет көрсетудің барлық бағыттарында және адам тұтынатын өнімдердің сапасын арттыруда өнімділікті өсіру, қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін экологиялық тиімділік, қауіпсіздік пен өзараалмастырымдылық процестерін тиімді түрде болуына ықпал етеді.

Кез келген өндірістің, мекемелер мен ұйымдардың сапасын арттырудағы негізгі факторлардың бірі ретінде экологиялық мәселелерді шешу, олардың алдын алу үшін шара қолдану маңызды болып табылады. Жұмыс жасау барысындағы ең қадағалануы тиіс мәселе – адам өмірі. Адам өмірін қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізінде жұмыс орындарында барлық құралдардың уақытылы тексерілуі, жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы келісім шартқа сай талаптардың орындалуы, жұмыс жасау орнының қолайлы түрде әзірленуі секілді тармақтар қатаң бақылауда болуы қажет. Осыған сәйкес, ISO 45001 халқыаралық стандартын мекемелерге енгізу тиімді шешімдердің бірі болып саналады. ISO 45001 халқыаралық стандартын енгізудегі мақсат – еңбек қауіпсіздігін сақтау және еңбекті қорғау.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы «ҚТЖ» негізінде ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу, стандарттың негізгі аспектілері мен талаптарын қарастырады, адам факторына байланысты ерекшеліктерін талдауды қамтиды.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – «ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ мысалы негізінде ISO 45001 халықаралық стандартын енгізуге ұсыныс білдіру, адам еңбегінің сапасын жоғарлату мен шығындарды азайту, стандартты енгізу барысында туындайтын мәселелерді талдау, енгізу процесін оңтайландыру.

Дипломдық жұмыстың нысаны ретінде «Қазақстан темір жолы» Жем тасымалдау локомотивтік депосы болып табылады. «ҚТЖ» менеджмент жүйесін қарастыру мен стандарт бойынша талаптарды қарастыруды қамтамасыз етеді.

1 «ҚТЖ – жүк тасымалы» ұйымы

1.1 «ҚТЖ – жүк тасымалы» шығу тарихы

«ҚТЖ – жүк тасымалы» АҚ 2016 жылдың маусым айында біртіндеп кезең бойынша ұйымдық құрылымға көшу барысын іске асыру мақсатында құрылған бағдарлама негізінде әзірленген. Мемлекеттік қайту құру туралы анықтамасы бойынша 2020 жылдың 28 тамызы мерзімінде қайта құрылған. Қайта құрудағы мақсат – «ҚТЖ» Акционерлік қоғамы біршама еншілес ұйымдарын жетілдіруге жол ашады. Логистикалық процестерді қадағалау, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, сапа процестерін оңтайландыру секілді т.б. жұмыстар мемкелет экономикасына біршама әсерін береді. Жүк тасымалы арқылы тауарды жеткізу қызметтері, тұтынушы мен өндіруші ара-қатынасын тиімді түрде қамтамасыз етеді. АҚ құрамында бірнеше бөлімшелер бар. Олар пойыздарға техникалық қызмет көрсетеді, жүк тасымалы қызметтерін қамтиды және қажетті тасымалдау көлемдеріне байланысты локомотив бригадаларына техникалық қажеттіліктермен қамтамасыздандырады. Локомотив бригадалары жүктерді тасымалдау мен пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру міндеттерін орындайды [1].

Қолданыстағы Жем пайдалану локомотивтік депосы 1905 жылы 17 қарашада Орынбор темір жолының Ембі локомотив шеберханасы ретінде құрылған. Бастапқы құрылымы бойынша «ОВ» сериялы 20 паравоз құрамында болды. Ембі депосы бірінші болып жаңа ТЭ1сериялы тепловоздарын қабылдады. 1949 жылы қарашада Мәскеуден ТЭ2-001 сериялы бірінші тепловоз, одан кейін Ашхабад және Ордженикидзен жолдарынан ТЭ2-002 сериялы тепловоздар әкелінді. Нәтижесінде, парк 35 тепловоздан тұрды. 1950 жылы Ембі локомотивтік депосы толығымен дизельдік тартқышқа ауыстырылды. 1958 жылы Ембі локомотивтік депосының бекітілген паркі ТЭ-3 тепловоздарымен жаңартылды және паркте 96 тепловоз қызмет көрсетті. 1976 жылы ТЭ-3 сериялы тепловоздарының орнына қуаты күшті 2ТЭ10Л Луганскі және 2ТЭ10В Ворошиловскі заводтарынан 105 бірлік көлемінде тепловоз қабылданды. Әкелінген тепловоздар Қандыағаш-Қазалы қызмет көрсетті. 1978 жылы тепловоздардың техникалық жағдайларын жақсарту және жөндеу жоспарын орындау мақсатында депода ТР-2 және ФСЭ цехтары салынды. 1983 жылы парк құрамына 2ТЭ10М сериялы тепловоздар қабылданды.

1992 жылмен 1999 жыл аралығында Ембі-Сексеуіл бөлімінде жолаушылар пойыздарын тасымалдауға қызмет көрсетті. 1999 жылдың тамыз айының 1 жұлдызынан бастап жүк-жолаушылар пойыздарын тасымалдауға ауысты. Локомотив шаруашылығының қайта жаңартылуына байланысты 1999 жылдың қыркүйек айының 1-інен бастап Шалқар айналым депосы құрамындағы 228 жұмысшыларымен Ембі локомотив депосының құрамына

өтті. 2000 жылдың қазан айында Локомотив шаруашылығының қайта құрылуына байланысты Ембі локомотив депосы, Батыс темір жол торабының «Жем локомотив пайдалану депосы» филиалы болып қайта аталды. Құрамында 704 жұмысшы болды.

2004 жылдың қаңтар айының 1-інен бастап «Қазақстан Темір Жол» ұлттық компаниясындағы «Локомотив» акционерлік қоғамына құрамындағы 528 жұмысшымен Жем локомотив пайдалану депосы филиалы болып қосылды. Сол жылдың ақпан айынан бастап 2ТЭ10МК «Дженерл-Электрик» компаниясының модернизацияланған тепловоздары пайдалануға енгізілді. 2012 жылдан бастап 622 адамдық контингентпен қашықтығы 447,8 шақырым Қандыағаш-Жем-Сексуіл желісінде, ұзындығы 175,1шақырым болатын Шалқар-Жем-Шалқар бөлімінде жолаушылар пойыздарын тасымалдауға қызмет көрсетеді.

2011-2017 жылдар аралығында Астана локомотив құрастыру зауыдынан шыққан ТЭ33А сериялы тепловоздарымен жұмыс істеуде. 2014 жылы жаңадан салынған Шалқар-Тассай-Шалқар телімі ашылды, ұзындығы 298 шақырымды құрайды.

Қолданыстағы АҚ «ҚТЖ – жүк тасымалы» Жем пайдалану локомотивтік депосында қазірде 605 адам еңбек етуде [2]. 1-сурет.



1-сурет – Жем локомотивтік пайдалану депосы

1.2 Мекеменің құрылымы мен экологиялық санаты

Жем пайдалану локомотивтік депосы – теміржол саласындағы бірнеше қызмет түрлерін қамтамасыз етеді. Олар: локомотив паркін қалыпта ұстау, теміржол арқылы жүзеге асатын жүк немесе адам тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пойыздардың және қолданыстағы техникалардың сапасын бақылау, оларға жөндеу жұмыстартарын жүргізу және т.б. Сондай-ақ, құрал-жабдықпен қамтамасыздандырылған жөндеу цехтары, локомотив бригадаларының демалыс үйі, локомотивтік резервтік базалары орналасқан.


Ұйымның құрылымына тоқталсақ, компанияның жүк тасымалы саласындағы стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын әзірлеуге жауапты депонның басшысы және атқарушы басшылық тағайындалады.

Жүк тасымалын қамтамасыз етеін көлік ресурстарын пайдалануды, логистиканы басқару, операциялар, қауіпсіздік және қызметтің басқа да негізгі аспектілері бойынша депо бастығының ТЧЭ пайдалану жөніндегі орынбасарлары жауапты.

Өндірістік орынбасарлар, яғни, жөндеу және бақылау бөлімі, өндірістік-техникалық бөлім, экологиялық сектор мен тексеру қызметтері локомотивтік тексеру, оларды дайындау, қауіпсіздіктерін белгіленген талаптарға сай болуын қадағалайды.

Жүргізуші-нұсқаушылар, локомотивтік бригадалар және пайдалану цехтерінің медігерлері пойыз қозғалыстарына жауапты мамандар. Олардың денсаулығы белгіленген уақыт сайын, жұмысқа кіріспей тұрып тексеріледі.

Ұйымның толық құрылымы 2-суретте берілген.



2-сурет – АҚ «ҚТЖ – жүк тасымалы» Жем локомотивтік депосының құрылымы

Қоршаған ортада, кез келген ұйымда экологиялық мәселелер орын алады. Экологиялық аспектілердің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу мен бақылау комитетінің «Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті» қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектінің категориясын анықтау туралы 2022 жылы 15 ақпан қабылданған шешімінде АҚ «ҚТЖ – жүк тасымалы» «Батыс», яғни Жем локомотивтік депосына IV санат берген. Берілген санат «Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» заңына сәйкес. 3-сурет.



Министерство экологии, геологии и природных ресурсов
Республики Казахстан РГУ "Департамент экологии по
Актюбинской области" Комитета экологического регулирования
и контроля Министерства экологии, геологии и природных
ресурсов Республики Казахстан

Решение по определению категории объекта, оказывающего негативное
воздействие на окружающую среду

«15» февраль 2022 г.

Наименование объекта, оказывающего негативное воздействие на
окружающую среду: ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» - «Актюбинское
отделение ГП»-Жемское эксплуатационное локомотивное депо, "49200"

(код основного вида экономической деятельности и наименование (при
наличии) объекта, оказывающего негативное воздействие на
окружающую среду)

Определена категория объекта: IV

(указываются полное и (при наличии) сокращенное наименование,
организационно-правовая форма юридического лица, фамилия, имя и (при
наличии) отчество индивидуального предпринимателя, наименование и
реквизиты документа, удостоверяющего его личность).

3-сурет – қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектінің категориясын анықтау туралы шешім

Заң бойынша қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілер әсер ету деңгейіне қарай төрт санатқа бөлінеді. Кесте 1 қосымшасында көрсетілген [3].

Кесте 1 - Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілердің санаты

Санат	Анықтама	Мысалдар
I	Қоршаған ортаға елеулі жағымсыз әсер ететін объектілер	Металл өндіру мен өңдеу, өндірістегі қуаттылығы тәулігіне 50 тоннадан асатын пештерде әктер өндіру, органикалық емес заттарды өнеркәсіптік өңдеу (аммиак, күкірт диоксиді, т.б.), жарылғыш заттарды өнеркәсіптік өңдеу, т.б.
II	Қоршаған ортаға бірқалыпты жағымсыз әсер ететін объектілер	Электр қуаттылығы 50 мегаватттан кем жабдықты пайдалана электр энергиясымен, газбен және бұмен камтамасыз ету, балкыту қуаттылығы тәулігіне 20 тоннадан кем болатын шыны және шыныдан жасалған бұйымдар, көлік және инфрақұрылым объектілері (теңіз порттары), су өнімдері, т.б.
III	Қоршаған ортаға болмашы жағымсыз әсер ететін объектілер	Тұз қайнату және тұз ұнтақтау өндірісі, сабын өндіру, бетон және бетон бұйымдарын өндіру, жеке тоқыма өндірісі, нан зауыттары мен нан пісіру өндірістері (тәулігіне 3 тоннадан көп), т.б.
IV	Қоршаған ортаға барынша аз жағымсыз әсер ететін объектілер	Заң қосымшасында көрсетілмеген және I, II, III санаттарға жатпайтын кәсіпорындар және өндірістер жатқызылады.

Тағайындалған санат бойынша қоршаған ортаны басқарудың шарттары орындалуы қажет. Жем локомотивтік депосына берілген IV санат шарттарына сәйкес:

- Аумақты экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес күтіп ұстау;
- Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің нормаларын сақтау;
- Қалдықтардың түзілуін, оларды уақытша сақтауды және мамандандырылған кәсіпорындар арқылы шығаруды есепке алу;
- Қалдықтардың түзілу көлемін азайту бойынша шаралар қабылдау;
- Қоршаған ортаға шығарылған нақты шығындылар туралы есеп беру.

1.3 Мекемедегі экологиялық мәселелер

Экологиялық мәселелер дүниежүзілік масштабтағы көлемде болып табылатын процестің бір бөлігі. Экологиялық жауапкершілік деңгейіне және өнеркәсіптің тұрақты даму кезеңдеріне тікелей әсер етеді. Экологиялық мәселелер барлық кәсіпорындар мен ұйымдарда орын алады. АҚ «ҚТЖ – жүк тасымалы» Жем локомотивтік депосы да осы санатты ұйымдар қатарына кіреді. Мекемеде орын алған мәселелерге тоқталсақ, кәсіпорын дизельдік отынның негізінде жүзеге асырылатындықтан, тепловоздардың шығындары экологиялық белгіленген нормадан асады. Темір жол саласында тепловоздардан шығатын ластаушы заттар адам денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсерін тигізеді. Себебі, шығындылардың құрамында азот оксидтері, күкірт диоксидтері және басқа зиянды химиялық қосындылардың өте жоғары деңгейде болу қаупі бар. Оған қоса, пайдаланудан соң қалдықтар, яғни олар: майлар, жанармайлар, пластикалық қоқыстар секілді бірқатар қалдықтар атмосфераға кері әсерін береді. Осыдан мәселелердің алдын алу мақсатында мекемеде «шекті рұқсат етілген шығындылар» нормативтік жобасы іске асырылған. Бұл жоба «Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі» және басқа да заңнамалық актілер негізінде әзірленген. Шолу барысында жалпы кәсіпорын бойынша әрбір шығындылар мен шекті рұқсат етілген шығындылардың нормативтерін есептеу үшін атмосферадағы заттардың шығындыларының параметрлері есептелген. Осы жоба аясында бірнеше шаралар бекітілген:

- Жабдықтардың жұмыс режимдерін реттеу және жөндеу;
- Қазандықтардан отынның жануының максималды толықтығын қамтамасыз ету;
- Қазандық газ құбырларының герметикалығын қадағалау;
- Жабдықтардың жұмыс істеу барысында туындайтын ақауларды дер кезінде жою;

- Жабдықты жөндеу бойынша барлық операциялар жауапты адамның бақылауымен жүргізілуі керек.

Бұл мекемедегі қазандықтарды қолдану барысында пайда болатын атмосфералық мәселелер. Кәсіпорында сондай-ақ, техникалық мәселелер (пойыздардың рельстерден шығып кетуі, жабдықтардың кенеттен істен шығуы), теміржол инфрақұрылымдарын салу мақсатында жаратылатын ағаштарды кесу арқылы экожүйенің бұзылуы, су ресурстары мен мұнай өнімдерінің және басқа да ластаушы заттардың бөлінуі нәтижесінде экологиялық апаттарға әкеліп соғуы, адам немесе жануарлардың себептерінен туындайтын мәселелер (жануар немесе адамның пойыз жолына шығу нәтижесінде туындайтын өлім факторлары) және адам денсаулығы мен қауіпсіздігі. Адамның қауіпсіздігі мен адам еңбегін қорғау мәселесін шешуде халықаралық ISO 45001 стандартын енгізу ұсынылады.

2 Стандарттау туралы түсінік

Стандарт – өнімге, қызмет түрлеріне олардың сапасын жақсарту мақсатында қойылатын талаптар жиынтығы. Өнімге қойылған талаптарды оңтайлы түрде орындау үшін қолданылатын құжаттың бір түрі. «Стандарт» сөзінің аудармасының өзі «үлгі» болып аударылады. Кез келген салада өнімділікті жоғарту, қауіпсіз жұмыс жасау мақсатында қолданылады. Стандарттарды жүзеге асыру, әрі бекіту үшін стандарттау процесі жүзеге асырылады. Стандарттау – туындайтын мәселелердің алдын алу мақсатында және өнім мен қызметті заман талабына сай жоғары деңгейге жақсартуға бағытталған сала. Тұтынушыны қанағаттандыратындай өнім сапасын жақсартатырып, шикізат және еңбек ресурстарын үнемдеуге бағытталады. Мемлекеттің ішкі нарығымен қоса, шетелдік нарыққа шығаруға ықпал жасайды. Экономикалық көрсеткіштерді жоғарлатады [4].

Стандарттау – қызмет түрлеріне, өнімге нақты қойылатын талаптарды қарастыратын іс-әрекет. Кез кезген өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге және қызметтерге қойылған талаптарды орындауға бағытталған қызмет түрі. Стандарт бойынша әзірленген құжат стандарт саласындағы талаптар мен нормаларды белгілейді. Стандарттау бірнеше құжат түрлерін қарастырады. Олар: стандарттау бойынша жеке тұлғаның немесе мекеменің өтініші, стандарттар туралы ұсынымдар, енгізілетін стандарт түрі, ұйым стандарты және т.б. Стандарттау жөніндегі құжаттар нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптар бойынша жинақталады. Халықаралық стандарт түрлерін өндіріске енгізу ерікті түрде жүзеге асады. Біздің мемлекетімізде, яғни Қазақстан Республикасы аймағында халқыаралық стандарттарды ұлттық және мемлекетаралық стандарт ретінде қабылдау арқылы пайдаланылады. Халқыаралық стандарттар түрлерін қолдануда бірнеше шарттар орындалуы қажет. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган мен халықаралық ұйым арасында ынтымақтастық туралы шарттың болуы міндетті. Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымға мүше болуы, олардың арасында халықаралық шарттың болуы және стандарттарды қолдану аясында барлық талаптарын сақталуы бақылану тиіс. Қазақстан Республикасының Стандарттау туралы Заңында белгіленген ережелер мен талаптар орындалуы керек.

Стандарттаудың мақсаты – өнімдердің, процесстердің сапасын қадағалай отырып, бәсекелестікке қабілеттігін арттыру, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігін арттыру болып табылады [5].

Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асатын стандарттау процесстері «Техникалық реттеу туралы» заң бойынша жұмыс атқарады. Заңда белгіленген талаптар мен шарттарды барлық мекемелер, кәсіпорындар, жеке

меншік өндірістер, мемлекеттік органдар орындауы тиіс. Заң тұтынушының құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Стандарттарды әзірлеуді, олардың берілген шарттарға сай орындалуын, қоршаған орта мен адам өміріне зиянын тигізбейтіндей қауіпсіз түрде жұмыс жасауын бақылауға әрекет жасайды. Өнімдерді өндіру кезінде немесе экспорттау кезінде орын алатын техникалық кедергілердің азайтуға ықпалын тигізеді. «Техникалық реттеу туралы» заң бірнеше құқықтық нормативтік актілерден тұрады және Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде жасалған. Өнімдерді өндіру, қолдану, сақтау, кәдеге жарату сынды барлық процесстерді реттеуге қолданылады. Сондай-ақ, пайдаланушының және өндірушінің құқықтарын белгілей отырып, олардың мүдделерін қамтамасыз етеді. Қолжетімді түрде техникалық регламенттерді пайдалануға мүмкіндік жасайды [6].

Адам өмірі мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін сақтау мен бақылау мақсатында бірнеше стандарттар бекітілген. Сонымен қоса, адам еңбегі, еңбек ресурстарын да жақсарту қарастырылады. Осындай стандарттардың бірі – ISO 45001 стандарты.

2.1 ISO 45001 халықаралық стандарты

Кәсіпорындарда орын алатын келеңсіз жағдайлардың алдын алуды қарастыра отырып, ISO ұйымы еңбекті қорғау жөнінде 2018 жылы наурыз айында көпшілікке ISO 45001 стандартын ұсынды. ISO 45001 стандарты еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару негізінде жасалған стандарт болып табылады. Дүниежүзілік ұйымдар қауіпсіздік деңгейін жоғарлату, қауіпсіз жұмыс орнын тағайындау қажеттіліктерін мойындайды. Өндірістерде орын алуы ықтимал жазатайым оқиғалардың санын азайту және олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру, жұмысшылардың қауіпсіздігін жақсарту мақсатында халықаралық ұйыммен қабылданған стандарт. Бұл құжаттар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жүйелерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейді. ISO 45001 халықаралық стандарты халықаралық деңгейде мойындалған стандарттардың бірі. Стандарттың басты мақсаты – қызметкерлердің өндірістік жарақаттар алуы мен денсаулығына зиян келетін факторларды азайту, денсаулық пен еңбек жағдайлары тұрғысынан жұмыс орнының қауіпсіздігімен қамтамасыз ету. Халықаралық стандарт кең ауқымды қамтамасыз етеді. Ірі ұйымдар мен өндірістер, шағын және орта кәсіпорындарда, мемлекеттік немесе жеке мекемелерде еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті басқару мақсатында іске асырылуы мүмкін. Себебі, жаһандық салыстыруға мүмкіндік беру мен жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік стандарттарын жақсартуға іс-әрекеттер жасайды [7].

ISO 45001 стандартының құрылымына тоқтайтын болсақ, ISO 9001 және ISO 14001 стандарттары секілді жоғары деңгейлі құрылымда жазылған стандарт. Бұл құрылым арқылы ұйымдарда еңбекті сақтау және қауіпсіздікті басқарудың жалпы жүйесін біріктіруге мүмкіндіктер аламыз. Стандарт 10 баптан тұрады. Олар: 4-бөлімде ұйымдық контекст, 5-бөлім көшбасшылық мен қызметкерлердің қатысуы, 6 мен 10 бөлім аралығында жоспарлау, қолдану, операциялар, сапа мен өнімділікті бағалау мен жақсарту қызметтері баяндалған. Қоғам мен экономика арасындағы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында пайдаланылатын маңызды стандарттардың бірі.

Стандарттың қолдану саласына келетін болсақ, кез келген ұйымның экологиялық мәселелерін шешуге, адам өмірі мен еңбекті қорғау мақсатында менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Экологиялық талаптар мен міндеттерді бақылауға ұмтылатын кез келген ұйым пайдалануға болады. Осы стандарт экологиялық менеджмент жүйесінің көмегімен болжалатын нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі, экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту, адам денсаулығы мен қоршаған ортаны зиянды заттардан қорғау, еңбек талаптарын сақтау, экологиялық мақсаттарға жету, қойылған міндеттемелерді орындау сынды бірнеше қызметтерді қамтиды. Осы стандарт кез келген ұйым үшін жарамды болып табылады. Яғни, ұйымның қызметтік саласына, орналасқан жеріне, техникалық сипаттарына, оның көлеміне және қызметтік аспектілеріне қарамастан барлық ұйымдарға қолдануға болады. Дегенмен, стандартта белгіленген барлық талаптар орындалмаса, қабылданбайды. Компанияның ұйымдық менеджмент жүйесі міндеттелген талаптардың барлығын қамтамасыз етуі қажет. Бұл стандартта ешқандай нормативтік сілтемелер белгіленбеген.

2.2 Халықаралық ISO 45001 стандарттың өзектілігі

Халықаралық ISO 45001 стандарты қазіргі уақытта өте өзекті мәселелердің бірі. Себебі, қай жерде болмасын адам еңбегі мен денсаулығы бірінші орында қойылуы тиіс мәселе. Сонымен қатар, стандарт елдің экономикалық және әлеуметтік қорғауда маңызды рөл атқарады. Жаһандық экономиканы қалпына келтіру мақсатында халықаралық стандарттар ұйымы шығарған стандарт. Бұл үкіметтің, қолданушылардың және өнеркәсіптік мекемелердің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-әрекеттер. Стандарттар не үшін қолданылады және не үшін қажет? Ең алдымен, стандарттар өзара үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету барысында бірнеше модельдер арасында ақпарат алмасу және оларды өңдеу мүмкіндігі туындайды. Ең маңызды фактор – мемлекеттер арасында туындайтын техникалық сауда кедергілері жойылады.

Халықаралық саудада елдерді өзара біріктіруші ретінде рөл атқарады. Стандарттауды жүзеге асыруда ұйымдар немесе мемлекеттік мекеме қаражатының басым бөлігін үнемдеу алады. Себебі, өндірушілер мен кәсіпорындар өндірісі арасындағы шығындар, транзакциялау процесі кезінде орын алатын шығындар азаяды. Инвестициялар алу жолдары көбейеді. Тәжірибелік-конструкторлық шығындарды азайтуға мүмкіндіктер болады. Стандарттар нарыққа шығу құралы ретінде де пайдаланылады. Стандарт құру процесінде тұтынушылардың талаптарын және белгіленген нарықтық қажеттіліктерді көрсетеді. Жетістікке жетудегі ықтималдылықты арттырады. Сонымен бірге, еңбекті қорғау және қауіпсіздігін басқару жүйесі арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және мемлекеттің өмір сүру сапасын жақсартуға болады. Стандарттарды белгілеу арқылы еңбек ресурсының деңгейін жоғарлатуға мүмкіндік аламыз. Еңбек ресурстарын жоғары дәрежеде болуы өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартуды іске асырады.

ISO 45001 стандарты біраз өзекті мәселелерді қамтиды. 4-сурет көрсетілген.



4-сурет – Стандарт қамтамасыз ететін мәселелер

Біріншіден , денсаулық пен қауіпсіздікті жақсарту. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік стандарттардың маңыздылығы жаһандық мәселелердің бірі. Жұмыс беруші қарамағындағы қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне басымдылық беруі қажет. Өнімділікті арттыру, жұмыс кезіндегі орын алатын жазатайым оқиғалар мен жарақаттардың алдын алу шаралары, жұмыс орындарын қауіпсіз түрде дайындау маңызды болып саналады. Осы мақсатта заңды сақтау мен оларды орындау міндеттеледі. Бұл ережелер мен нормаларды орындамау мекеме басшысына қатаң түрде ескерту, айыппұл немесе үлкен

мәселе туындаса жеке бас бостандығын айыру секілді құқықтық мәселелерге әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қоса, өндірістерде орын алатын жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың ықтимал тәуекелдерін анықтап, олардың алдын алу және қатердің санын азайту шаралары қолданылуы тиіс. Жұмысшыларға өтемақы талаптарына сай қаражат берілуі және медициналық шығындарды азайтуға ықпал етеді.

Екіншіден, тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік стандарттары ұйымдарға өз жұмыстарына байланысты тәуекелдерді анықтауға және басқаруға септігін тигізеді. Туындауы мүмкін мәселелер мен тәуекелдердің алдын алу үшін бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару әдістері үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін орындайды. Кәсіпорындарда туындайтын тәуекелдерді болжау, талдау және орын алған тәуекелдермен салыстыру процесстері жүзеге асады. Ұйымдардың менеджмент жүйесінің орын алған оқиғаға сай жұмыс атқаруы, жылдам әрекет жасап, шешімдер қабылдауымен жағымсыз оқиғалар ықтималдығын төмендету мүмкіндіктерін береді.


Үшіншіден, көшбасшылық сипаттары. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару аясында көшбасшылық сипаттары да туындайды. Берілген тапсырмалар мен туындаған мәселелерді шешу, кез келген істің шешім табу секілді қызметтерде стандарт өз көмегін береді. Сонымен қоса, Отандық өнімдер мен қызмет түрлерінің Дүниежүзілік сауда ұйымында терезесі тең дәреже болуын қамтамасыз етуде көшбасшылық сипаттары пайдаланылады.

Төртіншіден, біріктірілген тәсіл қолданылуы. Біріктірілген тәсіл ұйымның ішкі жүйесін өзгертумен, жаңартумен қатар, біртұтастылықты қамтиды. Жаңа көзқарастар мен тәсілдерді қарастырады, жұмыс процесінің оңтайлы әдістемесін белсендіруге әрекеттер жасайды. Мұндай тәсілді қолдану арқылы кез келген ұйым тиімді түрде жұмыс атқарады.

Мекемелер немесе компаниялар үшін ISO 45001 стандартының өзектілігі неде? Компаниялар өндірістегі жазатайым оқиғалардың санын азайту үшін жүйелі процесті құра алады және тәуекелдер мен қауіптерді, сондай-ақ, менеджмент жүйесіне қатысты заңды және басқа да нормативтік талаптарды ескере алады. Өз қызметтеріне қатысты қауіптер мен тәуекелдерді жоюға, әрі алдын алуға тырысады. Осындай туындауы мүмкін тәуекелдер мен қауіптерді жедел түрде басқару мен бақылауға қатысты құқықтық және нормативтік аспектілерді құру, мекемеге тәуекелдер туралы хабарлауды қалыптастыру және соған сәйкес өнімділікті бағалау секілді қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Менеджмент жүйесі және оны үздіксіз жақсарту қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс жасау жағдайын арттырады. Ұйымның жұмысының белсенді түрде қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ, қауіпсіз мекемеде жұмыс жасау компанияның да беделін арттырады, қызметкерлер арасында сұранысқа ие кәсіпорын ретінде танылады және әрқашан сұранысқа ие болады.

Әлем бойынша статистиканы қарайтын болсақ, жыл сайын 2,78 миллионға жуық жұмысшылар өндірістік себептерге байланысты көз жұмады және жұмыстың салдары жыл сайын 3,74 миллиондай адам өлім факторына әкеліп соғатын оқиғалармен соқтығысады. Ал, жаһандық мәселеге айналған COVID-19 вирусы бұл статистиканы айтарлықтай бірнеше есеге өсірген. Барлық жағдайды ескере отырып, туындаған экономикалық шығын қазірде 4,94%-ті құрап отыр. Мысал келтіретін болсақ, Қытай Республикасында Ұлттық денсаулық сақтау комиссиясы жүргізген сауалнаманың статистикасын қарастырсақ, кәсіптік қауіп қатер әсері 39,9% құраған [8].

Қазақстан аумағында да жұмыста туындайтын адам денсаулығы мен еңбегіне кері әсерін тигізетін оқиғалар біршама. Әрине, стандартты енгізген кейін де қауіп-қатерлер орын алуы мүмкін. Бірақ, стандартты енгізу арқылы бір тәуекелдердің статистикасын төмендете аламыз. Мысал келтіретін болсақ, ЖШС Балқаш мыс қорыту зауытында қауіпсіздік саласы бойынша жағдайлар адам өмірі үшін қолайсыз болып келеді. мәліметтерге сүйенсек, 2017 жылы 150 жағдай тіркелген болса, төрт жыл көлемінде бұл статистика 25%-ға өскен. 2019 жылы 179 жазатайым оқиғалар анықталған, оның 84 жағдайы ауыр, 20 жағдайы өлімге әкеліп соққан. Бұл статистика 5-суретте көрсетілген [9].



5-сурет – ЖШС Балқаш мыс қорыту зауытындағы 2017-2020 жылғы жазатайым оқиғалар статистикасы

Сондықтан, еңбекті қорғауды қамтамасыз ету шаралары негізінде бұл халықаралық стандарттың өзектілігі маңызды. Халықаралық ISO 45001 стандарты жаһандық тұрақты дамуға кері әсерін тигізетін факторлардың алдын

алу, ұйымдардағы еңбек және адам қауіпсіздігін жақсарту үшін тиімді процестерді әзірленген стандарт.


2.3 ISO 45001 халықаралық стандартының OHSAS 18001 стандартынан ерекшелігі

OHSAS 18001 стандарты ISO 45001 стандартына дейін шығарылған қауіпсіздікті қамтамасыз ететін стандарт болып табылады. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздіктің бірыңғай талаптарын қарастыратын бұл стандарт алғаш рет 1999 жылы Ұлыбританияда Ұлттық Стандарттар институтымен жарияланған. Барлық салалар мен кәсіптерге жарамды стандарттардың бірі. Яғни, әртүрлі деңгейдегі елдердің экономика тұрғысында бірдей талаптарға бағынуына жол ашады. OHSAS 18001 стандарты бірнеше сериядан тұратын стандарт. Бұл өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін тәуекелдерді автономды түрде анықтау және оларды басқару мақсатында белгілейтін талаптарды қояды. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды жүйелі түрде басқаратын жүйе. Жаһандық деңгейде еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі, яғни OHSAS 18001 стандарты қажетсіз шығындарды азайтудың ең тиімді жолы ретінде танылған. Қоршаған орта мен денсаулық сақтаудың жүйесін басқарудың интеграцияланған тиімді басқаруды реттейді. Өнім сапасын, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты басқару қызметтерін біріктіре отырып басқару қызметін атқарады [10].

OHSAS 18001 стандартын қазіргі уақытта OHSAS 18001 стандартын ISO 45001 стандарты алмастырады. Себебі, ISO 45001 халқыаралық стандарты белгісіздік салдарынан туындайтын мәселелерді, олардың салдарын анықтау үшін керекті деректер мен құжаттамаларды қамтиды. Жұмыс барысында орын алатын келеңсіз оқиғалардың немесе олардың себептерін алдын алу мақсатында еңбекті қорғауды жүзеге асырады. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі және еңбек қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді басқару үшін бірнеше процесстер орын алады. Сондай-ақ, OHSAS 18001 стандартын алған мекемелер мен компаниялар міндетті түрде ISO 45001 стандартына өтуі міндеттеледі және арнайы мамандар кеңес береді [11].

Мүмкіндіктер мен тәуекелдерді басқару, оларды үздіксіз жетілдіру әдістерін екі стандарт та қамтамасыз етеді. Дегенмен, олардың айырмашылықтары бар. OHSAS 18001 стандарты мен ISO 45001 стандартының айырмашылығы орасан зор емес. Себебі, ISO 45001 стандарты OHSAS 18001 стандартының жетілдірілген түрі болып табылады. Алайда, стандарттарды қарастыра отыра айтарлықтай біршама өзгерістерді байқаймыз. OHSAS 18001 стандарты қызметкерлерге, олардың жұмыс барысына көңіл бөледі. Қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарына сай жұмыс атқаруды және процеске жетік түрде қатысуын қарастырады. ISO 45001 стандарты бұл процестерді одан

әрі жетілдіре түсті. Осы екі стандартта қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздіктерін басқару жүйесінде тағы да үлкен айырмашылық белгіленген. Яғни, OHSAS 18001 стандартында адам денсаулығы мен орын алатын оқиғалардың жағымсыз әсерін азайту болса, ISO 45001 стандартында керісінше, жұмыскерлердің денсаулығының және қауіпсіздігінің оң әсерін бағалауға мән береді және сол бойынша жұмыстар атқарады. Мұндай артықшылықтар біраз мәселелерді қамтиды. Мәселен, жұмыс барысындағы өнімділікті арттыру, өндіруші мен тұтынушының әлеуметтік жауапкершілігі, сондай-ақ, жұмыс процесіндегі жақсы моральды қарастырады. Ұйымға әсер ететін сыртқы факторларды белгілейді және реттейді, орын алатын оң өзгерістерді жүргізеді, мекеменің қауіпсіздік жүйесін оңтайландырады. Тағы да бір айта кететіндей жайт, ол OHSAS 18001 стандартына қарағанда ISO 45001 стандартында қойылатын талаптар біршама қысқартылған. Мысалы, 6 бөлімі жоспарлау бойынша, 7 бөлім көшбасшылық туралы және оларға қойылатын талаптарда байқалады. ISO 45001 стандартында арнайы түрде тұтынушыға да түсінікті болу мақсатынды стандарт икемді түрде әзірленген және тәуекелдер мен мүмкіндіктер айқындалған. Сонымен қоса, бұл стандарт талаптарында қолданушы мекемеден денсаулық пен қауіпсіздік процестерін құрылымды түрде енгізілуі міндеттеледі және соған байланысты құжаттар талап етіледі. Бірақ, бұл процестерді қанағаттандыру мақсатында арнайы шарттар стандартта қарастырылмаған. Осы міндеттеменің негізгі мақсаты – ұйымның менеджмент жүйесіне денсаулық пен қауіпсіздікті басқару жүйесін жүйелі түрде енгізу, қажеттіліктерді қанағаттандыру, тәуекелдердің алдын алу [12]. Осы стандартты өз жүйелеріне қосқан шетелдік компаниялардың айтуы бойынша сауалнама алынған және 6-сурет көрсетілген.



6-сурет – OHSAS 18001 стандартынан қарағанда ISO 45001 стандартының артықшылығы


Сондықтан, ISO 45001 стандарты жұмыс орнындағы қауіпсіздік жүйесін өзгеруіне мүмкіндік береді. Процедураларды жеңілдетуді қарастырады. Қауіпсіздікті сақтау стратегияларын қолдануда және оларды біріктіру арқылы көшбасшылық жұмыстарды жақсартуды іске асырудағы маңызды өзгеріс болып табылады. Қауіпсіздік пен адам денсаулығы адамдардың жұмыс орнына тікелей әсер ететіндіктен, ұйымның басқару жүйесінің деңгейін жоғарлатуға ықпал жасайды. Тәуекелдер мен қауіптерді бақылауды күшейту арқылы ұйымның менеджмент жүйесіне көптеген оң нәтижелерге қол жеткіземіз. Стандарт кәсіпорынның тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтаудың, бағалаудың және оларды оңтайлы тәсілмен басқарудың шынайы мақсарттарын белгілейді. Заңды талаптар мен нормативтік шарттардың дұрыс түрде орындалуын және оларды сақтауды күшейтуге әрекет жасайды. Мекеменің жұмыс жасау бағытына, мақсатына экологиялық аспектілердің тарапынан кедергілер мен қатерлердің туындау мәселелерінің алдын алады. Сала бойынша сенімділік пен қауіпсіздік деңгейлерін жоғарлатады. Сонымен қоса, ISO 45001 келесі артықшылықтарды қамтамасыз ете алатын менеджмент жүйесінің стандарттарына арналған ISO жоғары деңгейлі негізіне негізделген:

- Инновациялар мен үздіксіз жетілдіру арқылы ұйымды жақсарту;
- Қауіпсіз түрде жұмыс атқару арқылы ұйымдық жауапкершілігін көрсетеді;
- Заңды және нормативтік талаптарды сақтауды күшейту;
- Барлығына ортақ, барлық салаға жарамды жаһандық денсаулық және қауіпсіздік жүйесін орнатады. [13]

3 Халықаралық стандартты енгізу жұмыстары

Компанияның экологиялық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарды іске асыру бойынша ISO 45001 еңбекті қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару стандарты қолдануға болады. Экологиялық шараларды жоспарлау туралы ережеге сәйкес экологиялық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы мақсаттарды ескере отырып, ұйымның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлеріне жеткізілуі тиіс. Стандартты қолдану Қоршаған ортаны басқару жүйелері және тіршілік қауіпсіздігі жүйелері Қоғам президенті бұйрығымен тағайындалады. Кәсіпорынның менеджмент жүйесіне стандартты енгізу жұмыстары біршама уақытты талап етеді. Стандарттау процестері қайталанатын операциялық модельдерді құру және белгілі бір сапа мен тиімділік параметрлерін қанағаттандыру үшін компания ішіндегі біріктіруші процедуралардан, әдістемелерден және операциялардан тұрады. Процестерді стандарттау жан-жақты болуы тиіс және шараларды сақтаудың барлық кезеңдерін қамтуы керек. Яғни, бұл компания ішінде әдістемелік құжаттардың жасалуынан бастап, оның даму кезеңдері мен жұмыстың нәтижесі. Ескере кететін жайт, стандартты мекемеге енгізгеннен кейін, стандарт толығымен адамның денсаулығына, жұмыс орнының толықтай қамтамасыз етілуіне жауап бермейді. Яғни, бұл дегеніміз стандарт енгізген соң әр ұйым осы халықаралық стандарт талаптарына сай жағдай жасауы керек. Стандарт қауіпсіздікке ұмтылуға жол ашады. Стандарт басқа да стандарттар қойған талаптарды сәйкестендіреді. Жоғары деңгейлі құрылымды, нормативтік талаптар мен шарттарлы реттейді. Стандартты енгізу жұмыстары ұйымның бірнеше факторларына байланысты болып келеді. Олар: жауапкершілік, ұйымның мақсаттарының дұрыс құрылу, ұйым қажеттіліктерін белгілеу, өзара ақпараттар алмасу, осы жүйені қамтамасыз ету мақсатында қаражат бөлу, басшылық пен жұмысшылар арасындағы өзара келісім факторлары.

Стандартты енгізу жұмыстары «Жоспарлау-Орындау-Бақылау-Іс-әрекет» моделі бойынша жүзеге асады. Бұл модель «Деминг циклі» деп аталады. Яғни, Plan-Do-Check-Act (PDCA). PDCA қолдану шығындарды азайтуды, өнімділікті оңтайландыруды, өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және компаниялардың кірістілігін арттыруды қамтиды. Экологиялық менеджмент жүйесіне тиімді түрде стандартты енгізу жұмыстарын құрылымды, әрі тиімді түрде анықтайды. Экологиялық саясаттарды жүзеге асыру процестеріне бақылау жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Сондай-ақ, құрылымдық жүйенің маңыздылығын тұтынушыға да түсінікті көрсетілген. 7-сурет.



7-сурет – Стандартты енгізудегі PDCA мен стандарт құрылымы арасында өзара байланыс сызбасы

Халықаралық ISO 45001 стандартын енгізу талаптарына сәйкес бөлімдер:

- Жоспарлау: қажетті нәтижеге жету үшін қажетті мақсаттар мен іс-әрекеттерді белгілеу. Нәтижені жақсартудың ықтимал бағыттары туралы білу үшін жұмысшылардан сұрауға, сондай-ақ жұмыс топтарын құруға немесе нарықты зерттеуге болады.
- Орындау: жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру, жоспарға сәйкес жұмыстарды атқару.
- Бақылау: жақсартуды енгізгеннен кейін белгілі бір уақыттан кейінгі бастапқы мақсаттар мен сипаттамалармен салыстыру арқылы тексеру, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған процестерге мониторинг жасау және нәтижелерін хабарлау.
- Іс-әрекет: Тестілеу кезеңі аяқталғаннан кейін нәтижелер мен бастапқы жағдайды салыстыру, мақсатқа жетуге қажетті заттарды өзгерту және қателіктер орын алған жағдайда жаңадан жақсартуларды қолдану жатады.

Әрбір кезең бірнеше кезеңдерден тұрады және оларға міндеттелетін міндеттер мен әрекеттер бөлінеді. Ұйымға ұсынылатын ұсыныстар стандарт енгізудегі негізгі кезеңдерін талдайды. Сонымен қоса, ұйым өзінің мақсаттарын белгілей отырып, болжамды түрде туындайтын сыртқы және ішкі мәселелерін анықтауы тиіс. Осы мақсатта ұйымның қызметкерлеріне және еңбек

қауіпсіздігіне байланысты талаптарын сақталуы үшін міндеттемелерін қамтамасыз ету қажет. Олар: жұмыс барысына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар, жұмыскерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі талаптар, қызметтер мен іс-әрекеттер, өкілеттік бақылауды іске асыру, т.б. стандарттың қолданылу саласын анықтағаннан соң, қолдану саласы құжат ретінде қарастырылады. Мүдделі тараптарға ортақ түрде қолжетімді болуы шарт.

ISO 45001 стандарты еңбек қауіпсіздігін басқарудың тиімді процестерін ұйымдастыру бойынша шараларды қамтиды. Ол ұйымның жұмысына, көлемі мен санына байланысты, әрі қызметтік сипаты мен түріне қатысты әмбебап болып табылады. Үздіксіз жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру мәселелері қарастырылады. Бұл стандарттың негізгі идеясы, алдыңғы стандарттар жүйесіне қарағанда айырмашылығы - жаңашыл формасы.

3.1 Мекеменің жұмысқа дайындығы және стандартты енгізудегі процесстер

Ұйымға ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу процесі ұзақ уақыт пен табандылықты талап етеді. Сол үшін бұл біраз мамандардың көмегін талап етеді. Стандартты енгізу бірнеше күрделі кезеңдерді қамтитын процесс болып табылады. 8-сурет көрсетілген.



8-сурет – стандартты енгізу кезеңдері

Ұйымға стандарт енгізу жұмысын 6 негізгі кезеңдерге бөлуге болады:

1. Ең алдымен стандарттың түпнұсқасымен танысу қажет. Стандартпен танысу жұмыстары айқын болып көрінгенмен, осы стандартты енгізуде

кандай салдары болатынын туралы ақпарат алуымыз қажет. Мекеменің жеке талаптары мен міндеттемелеріне тиімді жақтарын саралап, уақыт пен қаражат ресурсын үнемдеуге қолайлы жағдай жасаймыз. Ұйымның жұмыс жасау процесін, оның қауіпсіздік шаралары мен басқару жүйесінің ISO 45001 стандарт талаптарына сай келетіндігін анықтауымыз қажет.

2. Мекеменің қолданыстағы менеджмент жүйесіне талдау жүргізу қажет етеді. Ағымдағы процестерге қандай да бір өзгерістер енгізбей тұрып, оларды талдау, тәуекелдерді анықтау және стандарттың талаптарына қаншалықты сәйкес келу факторларын анықтау қажеттілік етеді. Мұндай шараларды өткізу арқылы еңбек қауіпсіздігіне қатысты мақсаттарды белгілеп, стандарт арқылы қандай өзгерістер керек ететіндігі анықталады. Бұл кезеңде стандарт талаптарына сәйкестікті анықтау мақсатында ұйымның құжаттарына шолу жасалады. Ағымдағы құжаттамалар талданады. Бұл процесс барысына бірнеше құжаттар тізімі қажет. Олар:

- Ұйымның ұйымдастыру саясаты;
- Басқару жүйесінің құжаттары;
- Өндірістік учаскелер, негізгі және қосалқы бөлімшелердің, әкімшілік-инженерлік қызметтер белгіленген схемалар;
- Тиісті менеджмент жүйесіне қажетті стандарт талап ететін құжаттар тізімі;
- Еңбекті басқару жүйесі құжаттарының қолданыс аясындағы жоспарына сәйкес процестерді жоспарлауды, жүзеге асыруды, оларды басқаруды қамтамасыз ететін құжат түрлері;
- Мекемеде орын алған жазатайым оқиғалар мен жұмыс салдарынан туындаған аурулар туралы ақпараттар;
- Жүргізілген ішкі аудит нәтижелері;
- Соңғы 3 жылға сәйкес мемлекеттік бақылау нәтижелері, органдар жүргізген тексерулер нәтижелері;
- Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін басқару саласындағы мекемедегі бағдарламалар тізімі;
- Қауіптердің алдын алу шаралары, тәуекелдерді бағалау схемалары мен бақылау шаралар құжаттамалары;
- Ұйымның сапа қызметінің құрылымдық диаграммасы.

3. Стандарт бойынша жоспарлауды жүзеге асыру қажет. Қолданыстағы жүйелерді талдап болғаннан кейін стандарттың сәйкестіктігіне жету мақсатында жоспарлау кезеңі жүзеге асады. Алынған ақпараттар легін пайдала отырып, ұйымдағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік жағдайына байланысты бірқатар тізбектерді қосуға немесе өзгертуге, мүлде алып тасуға болады. Стандартқа сәйкес қауіпсіздік саясатын, мақсаттарын белгілеу, жоспарларын әзірлеу керек.

4. Жасалған іс-шаралар жоспары ұйым қызметкерлеріне егжей-тегжелі түсіндіруді жүзеге асыру керек. Қызметкерлерді стандарттың талаптарына, соның ішінде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелеріне байланысты талаптарды түсіндіру, саясатты белгілеу, тиісті процедураларды өткізу, тиісті жауапкершіліктер мен рөлдерді белгілеу қажет. Бұл алдағы стандарт жұмысына тікелей өз әсерін тигізеді. Себебі, адам факторы маңызды рөл атқарады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті басқару жүйесіне жаңа жүйені енгізу барысына сәйкес ақпараттық оқытуды қамтамасыз ету керек. Тиісті саладағы мамандарды оқыту, даярлау еңбекті қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін өте маңызды. Стандартты енгізуде тек қана басшылық емес, ұйым қызметкерлерінің де стандарт бойынша тиісті білім мен оқытуларды өткізу міндеттеледі.
5. Нәтижелерді тексеру:
Стандартты іске асыру процесінен кейін міндетті түрде тексеру және түзету процесі орындалуы керек. Ішкі аудит стандарт талаптарына сәйкес келуін тексеру міндетті. Сондай-ақ, еңбекті қорғау және қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиімділігін бағалау процесі орын алады. Осы орайда, сәйкес келмейтін мәселелерді анықтау және анықталған мәселелерді жою үшін түзету жұмыстары атқарылады. Сонымен қоса, жиі аудиттерді жүргізу енгізіліп жатқан жүйелерге қызмет көрсетуін бағалауға мүмкіндік береді, процесті оңтайландыруға, уақытты үнемдеуге жағдай жасайды. ISO 45001 стандарты әзірлеген жоспардың тиімділігін, түзетулер мен нақтылау енгізу қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Стандартты енгізу мақсаттарына жету жолындағы прогресті жүйелі түрде бақылау маңызды болып табылады.
6. Сертификаттау:
Халықаралық ISO 45001 стандарттары бойынша сертификаттауды жүзеге асыру үшін еңбекті қорғау мен қауіпсіздік менеджмент жүйесінің сыртқы аудиттерін өткізу қажеттіліктерін орындау керек. Сертификаттау процесінде талап етілетін іс-шаралар тізбегі ұйым үшін ең қолайлы нәтижеге жету үшін өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бұл кезеңде сертификаттау органының ұйымның стандарт нұсқаулықтарына сәйкестігін тексеру аудитін аяқтайды. Бұл процесті аудиторлар жүзеге асырады. Көбінесе, сауалнамалар, бақылаулар, еңбек жағдайларын бағалау, еңбек қауіпсіздігіне бағытталған шараларды тексеру, құжаттардың дұрыс талдануы мен оларды бағалау секілді процестер іске асырылады. Егер барлығы дұрыс орындалған болса, сәйкестікті растайтын сәйкестік сертификатын алады. Сонымен қоса, нәтижелерді талдау, пайдалану тәжірибесі негізінде кері байланыс алмасу, еңбек қауіпсіздігі жүйесін үздіксіз жетілдіру процестері орын алуы керек.

Жүйені жақсарту мақсатында тиімділікті арттыру мүмкіндіктерін анықтауда мерзімді тексерістер болу керек, талдаулар жүргізуі тиіс.

Ұйымға халықаралық ISO 45001 стандартын енгізуде бірнеше құжаттар әзірленуі керек. Олар:

- Ұйымның еңбекті қорғау бойынша жасақталған саясаты туралы құжат. Бұл құжат еңбекті қорғауды басқарудың жалпы талаптары мен мақсаттарын белгілейді. Ұйым принциптері белгіленеді. Бұл құжатпен басшылықтан бастап, кіші қызметкерлерге дейін танысу міндеттеледі.
- Еңбекті қорғау жүйесінің басшылық құжаттамасы. Бұл құжатта кәсіпорынның еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрылымы айқындалады. Жұмысшылардың қызметтері мен оларға белгіленген жауапкершіліктер жазылған.
- Қауіпсіздік нұсқаулықтары. Ұйымда орын алатын жұмыс түрлерін қауіпсіз түрде орындалуы және жұмыс орнындағы құралдар мен бұйымдарды техникалық қауіпсіздік талаптарына сай пайдалану туралы белгілейді. Қауіпсіздік нұсқаулықтар әр ұйымда болуы қажет.
- Ұйымның қауіпсіздік ережелері. Әр ұйымның жұмыс ағымына байланысты арнайы қауіпсіздік ережелері бекітілуі мүмкін. Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты нақты ережелер талап етіледі.
- Ұйымның есептері. Яғни, белгіленген уақыт аралығында кәсіпорынның орындап отырған есептері мен жазбалары, атап айтқанда, оқыс оқиғалар жөніндегі есептер, ішкі аудит құжаттамалары, тексерулер нәтижесі, персоналдарды оқыту туралы бұйрықтар секілді құжаттар тізімі жатады.
- Кәсіпорынның жоспарлары. Экология саласында, оның ішінде еңбекті қорғауды жүзеге асыруда алға қойған мақсаттар мен міндеттер жоспары жатады. Бұл құжатта шаралардың реттілігі және бұл процеске жауапты маман тағайындалуы тиіс.
- Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін басқару жөніндегі процестер туралы құжаттар. Нақты процестер мен операцияларды сипаттайтын құжаттар әзірленуі талап етіледі. Мысал келтіретін болсақ, өндірістегі тәуекелдерді бағалау процестері, жазатайым оқиғаларды қарастыру туралы қағаздар және т.б.

Сонымен қатар, ұйым қажеттіліктерін ескере отырып, құжаттар тізімі өзгеруі мүмкін. Стандарттың талаптарын қарастыра отырып әзірленеді.

Соңғы жылдардағы стандарттау мен инновациялау тәжірибелерін қарастырсақ, ұйымның стандарт жүйесін құруда, пайдалануда және оны жетілдіруде бірнеше қиындықтар туындауы мүмкін. Талаптарға сай келмейтін жетілдірілмеген құралдар мен әдістер стандартты енгізуде, ішкі менеджмент жүйесін өзгертуде және тәуекелдерді басқаруда шектейді. Осы мақсатта,

ұйымдық позицияны нақтылап алған жөн. Ағымдағы ұйымның экологиялық жағдайын нақтылау қажет және осыған байланысты типтік жүйені қалыптастыру керек. Бұл процесс стандарт жүйесінің құрудағы негізі болып табылады. Кәсіпорындағы позициялар, технологиялық құрылымдар, формалар және т.б. элементтерді сұрыптау стандарт жүйесін оңтайландыруға, жұмыс процесін жеңілдетуге, ақпараттық жүйе функциясын жақсартуға көмектеседі. Мәселелерді сапалық жағынан талдау арқылы жүйелік кемшіліктер мен қарама-қайшылықтар және қайталану секілді мәселелердің алдын алуға септігін тигізеді.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін процесті соңына дейін оңтайландыруды жүзеге асыру міндетті. Процесті сұрыптау және оңтайландыру негізінде процестерді басқарудағы қарым-қатынастарды, жұмыстың бағытын талдау, процестің тоқтау мәселелерін анықтау, оларды бақылау шараларын ұйымдастыру, басқару талаптарын оңтайландыру, негізгі қызметтік бәсекеге қабілеттілігін арттыру қызметтері жүргізіледі. [14]

3.2 Стандарт енгізудегі артықшылықтар мен кемшіліктер

Бұл стандартты қолданудағы артықшылықтарға тоқтайтын болсақ, біріншіден, стандарттың сенімділігі. Стандарт Халықаралық стандарттар ұйымымен шығарылған стандарт болып табылады. Бұл ұйым стандарттардың қазіргі таңда 165 мемлекет қолданыстарына енгізген. Бұл бізге халықаралық стандарттарды қолдануда айрықша сенімділік береді. Сенімді түрде қолдана отырып, басқа елдерге де экспортқа шығара алу мүмкіндігі туындайды. ISO сәйкестік жүйелеріне үлкен мән береді. Тұтынушылар үшін қолданыста ыңғайлы, әрі кез келген адамға түсінікті. Бұл халықаралық стандарттар сапа инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады. Өнімдер мен орындалатын операциялардың жүйелі түрде орындалу мақсатына сәйкес әзірленетін және пайдаланушыны қамтамасыз ететін ереже. Сапа әртүрлі деңгейде болуы мүмкін, олардың сапа деңгейін жоғарлатуда сенімді стандарттар қолданған дұрыс.

Екіншіден, ұйым жұмысшыларының денсаулығын жақсарту мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қауіпсіздікке қатысты нормативтік талаптарды орындауға әрекет жасайды. Тәуекелдерді талдау арқылы біршама келеңсіз оқиғалардың, әсіресе адам денсаулығына байланысты мәселелердің ықтималдығын азайта аламыз. Қызметкерлердің жұмысына байланысты оқыту, деңгейлерін жоғарлату олардың тиімді түрде жұмыс жасауына ықпал етеді. [15]

Үшіншіден, ұйымның қаржы саласында шығындарды азайту. Жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту арқылы жазатайым оқиғалар

мен қауіп-қатерді азайту арқылы жұмыс тиімділігі арта түседі. Нәтижесінде, жұмысшылар уақылы жұмыс жасайды, артық шығындар шықпайды және медициналық көмек көрсетуде берілетін сыйақылар көлемін үнемдеуге ықпал етеді.

Төртіншіден, кәсіпорынның өзекті кәсіпорындар қатарында болуы. Яғни, бұл халықаралық стандартты енгізе отырып, өз қызметкерлерін қауіпсіз жұмыс жасау режимімен қамтамасыз етеді. Осы орайда, бұл ұйымда жұмыс жасаушылар саны өседі, нарықта беделі артады. Кәсіпорынның еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жақсы ара-қатынастар орнайды. Тұтынушылар үшін де, ұйым серіктестері үшін де арадағы сенімділікті қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, стандарт талаптарын сақтай отырып, халықаралық деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, еңбекті қорғау саласындағы барлық талаптар мен міндеттерді сақтауға ықпал етеді. Заң талаптарына бағынады және осыған орай айыппұлдар мен құқық бұзушылықтардың алдын алады.

Бұл артықшылықтарымен қатар, стандарт енгізуде бірнеше кемшіліктер де орын алады. Бұл жағдайға стандарт енгізу процесінде ұйым басшылықтары дайын болуы тиіс. Ең алдымен, стандарт енгізуде орын алатын қаржылық шығындар. Ұйымның менеджмент жүйесіне стандарт енгізу біршама уақытты талап етеді. Соған байланысты қаржылық шығындарға әкеліп соғуы мүмкін. Қаржылық шығындарға бірнеше факторларды жатқыза аламыз. Олар: стандарт талаптарына сәйкес еңбек қауіпсіздік менеджменті жүйесін енгізуде мамандарды дайындау үшін оқыту, олардың қызметтік деңгейлерін жоғарлату, ішкі және сыртқы аудит жүргізу үшін талап етілетін қаржылық шығындар және т.б. қаржыны талап ететін ресурстар.

Екінші фактор – уақыт шығыны. Стандарт енгізу 1 немесе 2 күнде аяқталатын жұмыс емес, ол ұзақ уақытты талап ететін күрделі процесс болып табылады. Басшылық тарапынан шешімдерді қабылдау, стандарт енгізу үшін рұқсат алу, қызметкерлерің стандарт талаптарына сай білім алуы секілді процестер біраз уақытты талап етеді.

Ұйымның өзгерту қажеттіліктері. Ұйымға стандарт енгізу арқылы ұйымның өзіндік талаптары мен принциптері, міндеттемелеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Барлық құжаттарға өзгеріс енгізу, ұйымдық мәдениетті өзгерту біраз уақыт пен күшті талап етеді. Жаңа тәжірибелер мен процестерді қабылдау барысында қиыншылықтар туындау ықтималдығы туындайды.

Стандартты іске асырудағы қиындықтарды да ескере кетуіміз қажет. Ресурстарды басқару және оларды басқару жүйелері бойынша қиындықтар туындауы мүмкін. Сонымен қоса, бұл ISO 45001 халықаралық стандартының түп нұсқасы ағылшын тілінде болғандықтан, кей кезде түсініспеушіліктер орын алуы ықтимал. Мысалы, бұл стандартқа ауысу үшін нақты қандай қызметтер

көрсетілуі керектігі секілді мәселелер. Бірақ, бұл кемшіліктеріне қарамастан, халықаралық стандарты енгізудегі артықшылықтар басым және ұйым үшін бұл стандарты қабылдау болашақта тиімді жұмыс жасауы үшін қажетті. [16]

Кесте 3 - АҚ «КТЖ» мысалында SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
- Көрсетілетін қызметтерге тиісті шараларды әзірлеу; - Ұйымда орын алатын оқиғалар мен жарақаттардың алдын алуы; - Еңбек қауіпсіздігі жүйесін жақсартуды қамтамасыз етеді	- Стандарт енгізудегі күрделі жұмыстар; - Білікті мамандардың тапшылығы; - Ұзақ мерзімді жұмыстар
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- Мамандар арасында сұранысқа ие болуы; - Тәуекелдерді дұрыс түрде анықтау және оларды басқару; - Туындайтын тәуекелдерді басқару мүмкіндігі; - Қызмет түрлерінің сапасын жақсарту; - Еңбек қауіпсіздігін арттыру	- Шығыстардың шамадан тыс асу қаупі; - Стандарт талаптары мен ұйым стандартының арасындағы келіспеушіліктер; - Талаптардың жаңа заңнамаларға сәйкес өзгеруі

3.3 ISO 45001 халқыаралық стандартының енгізудегі нәтижелер

Қазақстан темір жолы ұйымы басқару жүйесіне ISO 45001 стандартын енгізуде алатын бірнеше нәтижелерге қол жеткізе аламыз:

- Нормативтік және басқа да талаптарға сәйкестілік;
- Компания қарамағындағы қызметкерлерді қорғау;
- Жұмысқа байланысты жарақаттар мен денсаулықтың нашарлауын азайту арқылы өнімділікке қол жеткізу;
- Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқарудың жүйелі жүйесін қалыптастыру;
- Құрылымдық өнімділікті арттыру;
- Жұмысшыларға берілетін сақтандыру қаржысының азайту мүмкіндігі;
- Ұйым ішінде өзара өзгерістерді қалыптастыру.

ISO 45001 стандартын енгізу арқылы жұмыс орнындағы қауіптер мен тәуекелдерді тиімді түрде, әрі жүйелі басқаруға мүмкіндіктерге жол ашамыз. Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты басқару жүйесін құруға тікелей ықпал етеді. Еңбек қауіпсіздігін жақсарту арқылы жұмысшылар арасында қауіп қатер жиілігін азайтып, жарақаттың ауыр дәрежелерін төмендеуіне әкеледі. Соның нәтижесінде, еңбек қауіпсіздігімен қоса, еңбек өнімділігінің деңгейі де арта

түспек. Бұл мекеме үшін де, мемлекет үшін де экономикалық тұрғыдан өте тиімді шара. Экономика мен қоғамның дамуын да орасан зор жетістіктерге қол жеткізе алады. Экология саласындағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйелері мәселелерін қарастырудағы қазіргі таңда ең соңғы халықаралық стандарт болып саналады. Бұл бұған дейін қарастырылған стандарттардың жетілдірілген, әрі жалпы түсінікті түрде оңтайландырылып жасалған стандарт ретінде қарастырылады. Тәуекелдер мен мүмкін болатын қауіптерді жүйелі басқарудың, сонымен қатар, процестердің тиімділігін арттыруда темір жол саласындағы өндірістік ысыраптар деңгейін азайтады, қауіп қатер деңгейін біршама есе төмендетеді. Пойыздардың шектен тыс бұзылуы немесе істен шығу секілді факторларды, жағымсыз салдарларға байланысты өндірістік апаттардың алдын алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

ISO 45001 стандарты еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті басқару жүйесінің оның нормативтік талаптарға сәйкестік мәселелерге жауап беру қабілетін арттыру, орын алуы ықтимал оқыс оқиғалар мен шығындарды азайту, өндіріске қатысты процестердің тоқтап қалу және операциялық үзіліс шығындарын азайту, сақтандыру сыйақы шығындарын азайту секілді артықшылықтары бар екенін көрсетеді. Бұл стандарт кешенді басқару жүйесін енгізу арқылы өндірістегі жазатайым оқиғаларды бақылаудың тиімділігін арттырады. Менеджмент жүйесін басқара отырып, ол ұйымның барлық нысандарында жүйелі түрде қолдануға жағдай жасайды. Арнайы стандарт талаптарға сәйкес құрылған ұйым басқару жүйесі тұтынушы үшін де, өндіруші үшін де сапалы өнім немесе қызметтерді өндіруге және іске асыруға мүмкіндік береді. ISO 45001 стандартын ISO 14001 мен ISO 9001 стандарттары секілді мекеменің менеджмент жүйесіне қосу өте тиімді. Өйткені, ISO 45001 стандарты өзге стандарттарға кедергі келтірмейді, керісінше еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігін жүйелі түрде басқаруына септігін тигізеді.

ISO 45001 стандарты қауіпсіздік қорғаныс техникасының сапасын қамтамасыз ету және басқа елдерге саяси тәуелділікті жою тұрғысындағы қажеттіліктерді қанағаттандырады. Мекеме үшін де, экономикалық аспектілер үшін де жұмысқа байланысты жарақаттар мен келеңсіз жағдайлар өзінің теріс әсерін береді. Бұл адамдар денсаулығына байланысты ерте зейнетке шығуы, қызметкерлердің денсаулықтарының сапасының күрт төмендеуі және сақтандыру шығындарының шамадан тыс өсуіне әкеліп соғады. Сол себепті, АҚ «ҚТЖ – жүк тасымалы» Жем локомотивтік депосына ISO 45001 стандартын енгізу шараларын ұсыныс ретінде білдіремін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Турсынбекулы Данияр. Внедрение предложений по оптимизации компании ТОО «Грузовые перевозки» как повышение устойчивого развития экономического роста республики // Proceedings of the 3rd International Scientific Conference . 2023. С. – 64
- 2 «ҚТЖ – жүк тасымалы» ЖІІС ресми сайты // URL: <https://ktzh-gp.kz/ru/index.php>
- 3 «Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023538>
- 4 Ж. Ж. Есенқұлова, Ж. Ж. Аканова, А. М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері. 2014.С. – 9
- 5 «Стандарттау туралы» // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000183>
- 6 «Техникалық реттеу туралы» // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000396>
- 7 ISO 45001:2018 Occupational Health and Safety Management Systems
- 8 Xinxin Liu, Yuying Liu, Hang Li, Decheng Wen./ «identification and analysis of barriers to the effectiveness of ISO 45001 certification in Chinese certified organizations»/ Journal of Cleaner Production. 2023
- 9 Куцын П.В., Мишанин Б. С., Овсянников Ю. Н. Охрана труда на буровых и нефтегазодобывающих предприятиях – М.: Недра, 1978. – 239 с.
- 10 Сертификация OHSAS 18001: история и современность // URL: <https://www.est-cert.ru/info/articles/certifikacija-ohsas-18001-istorija-i-sovremennost>
- 11 OHSAS 18001 «Системы менеджмента профессиональной безопасности и охраны труда»
- 12 URL: <https://www.nqa.com/en-us/resources/blog/may-2018/overview-of-iso-45001#compare-to-ohsas>
- 13 URL: <https://www.bsigroup.com/globalassets/localfiles/en-gb/iso-45001/resources/iso-45001-guide-final-mar2018.pdf>
- 14 Севастьянов Б. В, Шадрин Р. О, Али Е. Б, Лисин В. А. Методические рекомендации по внедрению стандарта ISO 45001 на предприятии // Журнал «Современная наука: актуальные проблемы теории и практики». – 2022.
- 15 // URL: <https://www.nqa.com/en-us/resources/blog/may-2018/overview-of-iso-45001#compare-to-ohsas>
- 16 Заболотнева Д, Соколова Т. Анализ опыта перехода предприятий на стандарт ISO 45001:2018 // журнал «Роль технического регулирования и стандартизации в эпоху цифровой экономики». – 120-124 с.

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жұмыс
(жұмыс түрі)

Түлегенова Нұрай Қадырбекқызы
(білім алушының аты-жөні)

6B07501 «Индустриялық инженерия»
(білім беру бағдарламасының шифрі мен атауы)

Тақырыбы: «ҚТЖ мысалында ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу ерекшеліктері».

Түлегенова Нұрайдың дипломдық жұмысы «ҚТЖ мысалында ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу ерекшеліктері» бойынша ұсынылатын іс-шаралар «Индустриялық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша оқу барысында алған білімін негіздеу болып табылады. Дипломдық жұмысты орындау барысында ҚТЖ ұйымының құрылымы, жұмыс жасау бағыты мен менеджмент жүйесіне байланысты жұмыстар атқарылған. Дипломдық жұмыстың тақырыбы өзекті.

Дипломдық жұмыста мекеменің менеджмент жүйесіне стандарт енгізу ерекшеліктері, атқарылған жұмыстардың нәтижесі көрсетілген. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің стандарты ISO 45001 анализ жасап, SWOT талдауды жүзеге асыра отырып, оның артықшылықтары мен кемшіліктері, қауіпі мен әлсіз жақтары анықталған. Стандартты енгізу арқылы мекеменің тиімді жұмыс атқаруына, өндірістік процестерді жақсартуға, сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқу мерзімінде Түлегенова Нұрай өзін жауапкершілігі мол, еңбекқор, алға қойған тапсырмаларды ұқыпты орындай алатын студент ретінде өзін көрсете білді. Дипломдық жұмыстың орындалу деңгейі жоғары. Жұмыста мәтіндік және графикалық материалдарды тиімді қолдана отырып, талаптарға сәйкес орындаған. Дипломдық жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын, ал студент Түлегенова Нұрай «Индустриялық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры академиялық дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
Кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., PhD
(лауазымның ғылыми дәрежесі, атағы)

 Ережеп Д. Е.
(қолы)

«10» 06 2024 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы

Научный руководитель: Дархан Ережеп

Коэффициент Подобия 1: 2.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 8

Знаки из здругих алфавитов: 1

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 07.06.24.

Заведующий кафедрой ССМ

Ережеп Д.Е.


Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тулегенова Нұрай Қадырбекқызы

Научный руководитель: Дархан Ережеп

Коэффициент Подобия 1: 2.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 8

Знаки из других алфавитов: 1

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрывтия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 07.06.24.

проверяющий эксперт

асс. проф. каф. ССчМ

Евгений Д.Е.

Приложение 1

Протокол приема работы Оператором Системы и подтверждения
идентичности письменной и электронной версий

1. Автор: Муленова Нурай Хасибековна
2. Название: 48% интенсивно ISO 45001 хашараранг стандарты энгизу
3. Координатор: Бражен Д.Е.
4. Оператор системы: Решит Д.Д.
5. Дата загрузки работы: 2024.06.05.
6. Подразделение: стандарттау, сертификаттау жк метрология
7. Тип документа: дифференциальное
8. Результат проверки: КП1 2,43% КП2 0,00%

Работа в письменной версии идентична электронной версии

9. Количество страниц: 25

10. Номера страниц, назначенных для сравнения:

Жау - Решит Д.Д.
Ф.И.О. Подпись Оператора Системы

Настоящий протокол был составлен в двух экземплярах,
предназначенных для:

- Автора выпускной работы
- Оператора Системы

6B07501- «Индустриялық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша

Түлегенова Нұрай Қадырбекқызы

«ҚТЖ мысалында ISO 45001 халықаралық стандартын енгізу
ерекшеліктері» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысына

РЕЦЕНЗИЯ

Дипломдық жұмыстың құрылымына: кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалар, 3 кесте мен 8 сурет кіреді.

Кіріспеде тақырып бойынша жұмыстың мақсаты, тақырыптың өзектілігі мен міндеттері жазылған. Дипломдық жұмыстың құрылымын негіздей отырып, талдау жасалған.

Дипломдық жұмыстың бірінші бөлімінде «Қазақстан темір жолы» ЖШС туралы ақпараттар жинақталған. Мекеменің жұмыс жасау бағыты мен құрылымына толық мәлімет беріліп, өзекті мәселелеріне көңіл бөлінген.

Екінші бөлімде ISO 45001 халықаралық стандарты туралы толық ақпарат беріліп, оның өзектілігі анықталған. ISO 45001 халықаралық стандартының ерекшелігі мен артықшылықтарына тоқталып, талдау жүргізілген.

Үшінші бөлімде «Қазақстан темір жолы» ЖШС-на ISO 45001 халықаралық стандартты енгізу процестері мен кезеңдері баяндалған, енгізілетін стандарт бойынша SWOT талдау жасалған. Мекемеге енгізу барысындағы орын алатын артықшылықтар мен кемшіліктер айқындалған.

Қорытындыда атқарылған жұмыс бойынша нәтижелер жазылған және жұмыс туралы ақпараттар жинақталған.

Тұтастай алғанда, жұмыс толық қамтылған және жұмысты «өте жақсы» деп бағалауға болады. Түлегенова Нұрай Қадырбекқызы техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесін алуға лайық.

Пікір беруші:

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ф.-м.ғ. к., доцент м.а.,

кафедра меңгерушісінің ғылыми-

инновациялық жұмыс және халықаралық

байланыстар жөніндегі орынбасары

Исатаев М.С.



қолдан растаймын
Түлегенова Н.Қ.